



ИСЛАМ ТАРИХЫ, ӨНЕРІ  
МЕН МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



«ӘЗІРЕТ-СУЛТАН» ҰЛГЫ  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМ ЖӘНЕ ЙАСАУИЙАНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫ



*Девин ДиУис*

«Орталық Азиядағы исламдану мен киелі шежірелер» кітабының  
екінші томына алғы сөз

*Foreword to Islamization and Sacred Lineages in Central Asia: The Legacy of  
Ishaq Bab in Narrative and Genealogical Traditions, Vol. 2: Genealogical  
Charters and Sacred Families: Nasab-namas and Khoja Groups linked to the  
Ishaq Bab Narrative, 19<sup>th</sup>–21<sup>st</sup> Centuries\**

Бұл том Исхақ Ходжаның XIV ғасырда жазылған еңбегінде алғаш рет хатқа түскен хикая/нарратив пен шежірелік құрылымнан бастап XIX-XX ғасырларға дейін жасалынған деректерді қамтиды. Олардың ішінде мұрагерлік әулиеліктің, сонымен қатар, елеулі әлеуметтік және саяси беделдің иегерлері деп саналатын туыстық топтардың арасында таралған генеалогиялық мәтіндер (*насаб-намалар*) ұсынылған. Бірінші томда қарастырылған нарратив нұсқалары/версиялары (төменде екі томдық кітаптың толық мазмұны туралы ақпарат берілген) және оның XVII-XX ғасырлардағы жазып алынған нұсқалары бұл нарративтың Орталық Азиядағы мұрагерлік сопылық қауымдастықтарының дәстүрінде қалыптасқанын көрсетсе, ал бұл екінші томдағы нарратив нұсқалары мен бейімделулері/редакциялары оның заманауи рухани және әлеуметтік мәнін растауда – тіпті, кеңестік атеистік саясаттан кейінгі діндік еркіндіктің жаңа мүмкіндіктерімен қатар, бүгінгі күнге дейін жеткен.

Мұнда ұсынылған *насаб-нама* мәтіндері сөзсіз бірнеше дереккөздер негізінде қалыптастырылды, олардың ішінде Исхақ Ходжа еңбегінде алғаш рет жазылған жазба материалдарының нұсқалары, сонымен қатар, кейінгі шежірелік аңыздар мен әңгімелеу дәстүрлері де бар. Олар XIX және ерте XX ғасырлардағы саяси, әлеуметтік және діни ортаны көрсетеді. Барлық ұсынылған мәтіндерде исламдану туралы хикаялардың сипаттамалары бар, олар алғаш рет Исхақ Ходжа еңбегінде пайда болады. Сондай-ақ, шежіре құрылымы да бар; мұнда ұсынылған мәтіндер кеш келіп жазуға түскен болса да, шежірелік кеңейтулерді қамтиды және әдетте белгілі бір тұқымды атап көрсетеді. Олар Исхақ Ходжа еңбегіндегі салыстырмалы қысқа нұсқада дәл солай ерекше айтылмауы мүмкін. Осылайша олар бірінші томда зерттелген оқиғаның жалғасқан сипаттамалары мен бейімделулерінің бұл әңгіме XIV ғасырдан XX ғасырға дейін қалай заманға сай өзгенгенін және бастауыш оқиғаның таңғажайып динамикасын, өміршеңдігін және бейімделгіштігін растайды.

Бұл мәтіндердің кейбірі бұрын жарияланған (төменде қар.) және бұл мәтіндік отбасыларды және мәтіндердің қосымша нұсқаларын ашу жалғаса беретін

---

\* Алғашқы жарияланған жері: DeWeese, Devin. Foreword to *Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: Наследие Исхака Баба в нарративной и генеалогической традициях, Том 2: Генеалогические грамоты и сакральные семейства XIX–XXI веков: насаб-нама и группы ходжей, связанных с сакральным сказанием об Исхаке Бабе/Islamization and Sacred Lineages in Central Asia: The Legacy of Ishaq Bab in Narrative and Genealogical Traditions, Vol. 2: Genealogical Charters and Sacred Families: Nasab-namas and Khoja Groups linked to the Ishaq Bab Narrative, 19<sup>th</sup>–21<sup>st</sup> Centuries*, ed. Ashirbek Muminov, Anke von Kügelgen, Devin DeWeese, Michael Kemper (Almaty: Daik-Press, 2008), бб. 6–33.

үміттенеміз, бұл том толықталуы мүмкін. Дегенмен, бұл том осы шежірелік мәтіндердің үлкен санының бірінші маңызды жариялануымен белгілейді, оларды бірге және жіктелген құрылымда, олардың мазмұны мен риторикалық траекторияларын жақын салыстыруға мүмкіндік береді. Кіріспе мен алғысөзде осы томның негізін қалағандар және оны аяқтаған үшін үлкен мадаққа лайық болғандар – мәтіндерді ашу, анықтау және жинау үшін «қазу» жұмысынан бастап, оларды салыстыру, жіктеу және өңдеу бойынша күрделі жұмыспен айналысып, оларды жариялау үшін дайындықпен айналысқан адамдар маған осы томға алғысөз жазуды ұсынды. Осыған орай, менің осы жұмыс үшін бөлек үлесім өте аз болғандықтан, бұл екі томды шығару үшін қалай бірге жұмыс жасағанымызды және бұл алуан материалдарды зерттеу қай жағдайда және қалай жақсырақ дамуы мүмкін екенін өз көзқарасымнан айтқым келеді.

\*\*\*

XVIII және XIX ғасырлардың соңында Орталық Азиядағы әртүрлі ходжа топтарына тиесілі генеалогиялық мәтіндер немесе «құжаттар» туралы анда-санда айтылғанымен, бұл мәтіндердің мазмұны туралы егжей-тегжейлі талқылаулар мен олардың алғашқы жарияланымдары тек XIX ғасырдың соңында пайда болды. Олар Ташкентте жарияланған «Протоколы заседаний и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии» (ПТКЛА) журналының бірнеше баяндамаларында және қысқаша хабарламаларында ұсынылған. Бұл жарияланымдардың Орталық Азияның археологиялық және архитектуралық көне мұраларын зерттеуге арналған басылымда пайда болғаны мәтіндердегі нарративтік және генеалогиялық дәстүрлер, оларды сақтаған отбасылар және генеалогияларда аталған әулиелердің жергілікті кесенелері арасындағы байланысты көрсетеді. Атап айтқанда, бұл мәтіндер мен сипаттамалар сол кездегі Аулиеата/Аулия-Ата (қазіргі Тараз) деп аталатын қаламен байланысты екі кесене туралы алғашқы сипаттамалармен бірге жарияланды. Олар қаланың атын берген «Қарахан» кесенесі және қаланың батысында орналасқан «Айша-биби» кесенесі болды.

Бұл нарративтік және генеалогиялық материалды жариялау бойынша негізгі еңбекті В.А. Каллаур атқарған. Ол 1897 жылы ТКЛА қоғамына жазған хаттарында және 1898<sup>1</sup> жылы жарияланған мақаласында Қарахан кесенесі және оның туралы аңызды талқылаған. Бұл мақала екі кесенені де қамтып, полковник В.В. Панков ұсынған ауызша дәстүрлер негізіндегі материалдарды және қаланың қазысы Мулла 'Абдуллах Юнусов ұсынған түсініктемелер мен сәйкестендірулерді (оның ішінде

1 В. А. Каллаур, "Древняя местность Аулиятинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в Восточный Туркестан" // ПТКЛА, 2 (1898) журналына жариялау үшін дайындалған, Приложения к протоколу от 5 мая 1897 г., бб. 1-9 [б. 3]; жиналыс барысында Каллаурдың хаты оқып берілді және бұл жерде оның Қарахан кесенесі туралы талқылауы қайталанды (онда «Айша-Биби» кесенесі туралы танымал дәстүрлердің шолуы қосылған, оны полковник В. В. Панков қамтамасыз еткен, ол да Қарахан туралы ескертулерді қосқан; екеуі де 1897 жылғы 5 мамырдағы «Протоколы» беттерінде жарияланған [бб. 5-9, 6-бөлім]). Бұл хикаяларды А. А. Диваев өзінің мақаласында қысқаша баяндаған: «Из области киргизских верований: баксы, как лекарь и колдун (Этнографический очерк)» (Ташкент, 1899; жеке жарияланған // Известия Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете, 15 [1899]), б. 7, ескертулер 1, 2; қар. бб. 26-27. Бұл ғылыми хабарда айтылуынша, қазақ бақсысы шақырған қорғаушы рухтар қатарында Аулия Ата мен Айша Биби екеуін еске салуымен шақырылған.

генеалогиялық деректерді) қамтыды. Сол жылы Каллаур «Имам-джан» деген біреудің жазған генеалогиялық хикаясын мәтіні мен орысша аудармасымен бірге жариялады. Ол Шымкентке (қазіргі Шымкент) жақын орналасқан бұрынғы белгілі «Сарйам» (қазіргі Сайрам) ауылынан, қазы ретінде мәлім. Сонымен бірге, сол қазы, Мулла ‘Абдуллаһ Юнусовтың тарихи кітаптарға негізделген «Қараханның» тәуелсіз «генеалогиясы» да (бірақ аудармасыз) жарияланды.<sup>2</sup> Ақырында, екі жылдан кейін, ПТКЛА-да<sup>3</sup> сол мәтіннің толық нұсқасы жарияланды, бірақ мәтіннің шығу тегі туралы ақпарат өте аз болды. Бұл мәтін де қаламен және Аулиеата кесенесімен байланысты болғандықтан оны Каллаур шығарғаны белгілі.

Бұл жарияланымдардан кейін, мұндай генеалогиялық мәтіндерге назар азайып, бүкіл кеңес дәуірінде қосымша нұсқалар жарияланбады немесе анықталмады. Жалпы алғанда, кеңес академиялық мекемелерінде діни өмірді ғылыми зерттеуге қатаң шектеу қойылды, әсіресе, діни өмірдің ағымдағы мәселелеріне және тарихи мәселелерге де қатысты шектеулер болды. Мұндай мәтіндер, сондай-ақ, ұқсас дәстүрлерді сақтап қалған ауызша әңгімелер де еленбеді, өйткені олар негізінен діни көзқарастарға және тарихты «құруға» негізделген ғана емес, сонымен қатар, позитивтік тарихшылар оларды ұсынған тарихтың «дереккөздері» ретінде аз бағалады. Сонымен қатар, олардың зерттеу үшін «шикізаты» мәтіндер сақталған қолжазбалар кеңестік қоғамда діни және әлеуметтік артықшылықтар мәселелерін түсінген отбасылардың арасында сақталды.

Менің осы мәтіндерге деген қызығушылығым Орталық Азиядағы сопылық қауымдастықтарының тарихы бойынша зерттеуіммен байланысты туындады. 1984 жылы – сол кезде кеңес ғылымында суфийлік материалдар да көп жағдайда елеусіз қалды – Ташкенттегі бұрынғы Қолжазбалар институтында жұмыс істеп жүргенде, мен Исхақ Ходжа шығармасының нарратив және генеалогиялар қамтылған екі данасын кездестірдім. Екі қолжазба нұсқасына негізделген нарративды қысқаша зерттеуім 1987 жылы конференцияда ұсынылды және 1990 жылы жарияланды.<sup>4</sup> Мен 1991 жылы Ташкентке шеккен басқа зерттеу сапарымда мақаланың көшірмелерін әріптестеріме әкеліп көрсетіп, осы жұмыстың қосымша қолжазба нұсқаларын жинауға мүмкіндік алдым. Осы сапар кезінде бағым жанып, проф. Әшірбек Муминовпен кездесудің реті келді және қазіргі бірлескен жұмысымыз осыдан 16 жыл бұрынғы болып өткен кездесудің нәтижесі болып табылады.

1992 жылы исламның Ішкі Азиядағы дінге өту әңгімелеріне арналған «Ұлттық гуманитарлық ғылымдар қоры» (National Endowment for the Humanities, NEH) стипендиялық жобасы аясында мәтінге қайта оралдым. Исхақ Ходжаның шығармасының әртүрлі қолжазбаларынан мәтінді өңдеу және аудару жұмысын жасадым және тапқан әңгіме нұсқалары немесе олардың жаңғырығы негізінде оларды әрі қарай аннотациялауға кірістім. Бұның ішіне мен бұрын қол жеткізе

2 ПТКЛА, 2 (1898), Приложения к протоколу от 29 августа 1897 г., бб. 13–16 (екі тақырыппен: «К родословной Аулиятинского святого Карахана» [бб. 13-15] және «Родословная Карахана, составленная Казием Муллою-Абдуллою Юнусовым на основании исторических книг» [б. 16]).

3 «Родословная Карахана, патрона гор. Аулията» // ПТКЛА, 4. Осы нұсқаны одан әрі талқылауды, осы жарияланып жатқан кітаптың Әшірбек Муминов және Зікірия Жандарбек авторлығымен жазылған «Кіріспе» бөлімін қар.

4 Devin DeWeese, “Yasavian Legends on the Islamization of Turkistan”, *Studies in Altaic Civilization III* (= Proceedings of the 30<sup>th</sup> Meeting of the Permanent International Altaistics Conference (PIAC), Bloomington, 1987), ред. Denis Sinor (Блумингтон: Research Institute for Inner Asian Studies, 1990; Indiana University Uralic and Altaic Series, т. 145), бб. 1–19.

алмаған ПТКЛА-да жарияланған нұсқалар, сондай-ақ, XVII-XX ғасырлардағы қолжазба нұсқалары және бірінші томдағы қосымша мәтіндер кірді. 1993 жылы проф. Муминов маған жақында өзі және Зікірия Жандарбек жариялаған «насаб-нама» мәтінінің бір басылымын жіберді.<sup>5</sup> Олардың кіріспесінен мен ғылым докторы Жандарбек 1980-ші жылдардың соңынан бастап мұндай генеалогиялық мәтіндерге қызыққанын және проф. Муминовпен екеуі көптеген қосымша нұсқаларды жинағанын білдім. Бұл мәтіндер маған Исхақ Ходжаның XIV ғасырдағы шығармасы арқылы белгілі болған әңгімеге жаңа маңызды өлшем қосқанын және қосымша нұсқаларды сол ертеректегі нұсқамен және басқа нұсқалармен салыстыру пайдалы болатынын түсіндім. 1995 жылы зерттеу сапары барысында мен д-р Жандарбекпен кездестім және проф. Муминов маған көптеген «насаб-нама» көшірмелерді бөлісті. Осы ғалымдармен одан әрі хат алмасу және қосымша басылымдар арқылы мен «насаб-нама» жинағы мен талдауының жалғасып жатқанын байқадым. Сонымен қатар, 1999 жылы мен осы мәтіндерді түсіндіру бойынша бірнеше мәселелерді зерттейтін мақала жарияладым, бұл менің Йасауийа сопылық дәстүрінің тарихы бойынша жалғасып жатқан жұмысыммен байланысты болды.<sup>6</sup> Алайда, басқа жобалар мені осы мәтіндер мен олардың ұсынған мәселелеріне қайта оралуға кедергі келтірді.

2001 жылы мен неміс әріптестерім Анке фон Кюгельген және Майкл/Михаэл Кемпердің бір жобаға қаржыландыру алғанын білдім. Бұл жоба бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік берді, оған проф. Муминов, д-р Жандарбек және Өзбекстан мен Қазақстандағы басқа мамандар қатысты және осы уақытқа дейін жиналған «насаб-нама» мәтіндерінің басылымын дайындауға бағытталды. Ол кезде жоба іске асырылу кезеңінде еді және қатысушылар менің осы томға пікірлерімді сұрап, кіріспе жазып беруді өтінді. Мен бұған келістім және 2003 жылдың күзінде Ташкентте проф. фон Кюгельген және проф. Муминовпен жобаны әрі қарай талқыладым. 2004 жылы проект жобасын алдым және 2005 жылдың соңғы қысында проф. фон Кюгельген және проф. Муминовпен бірнеше хат алмасу арқылы мен осы керемет жұмысқа кейбір ұсыныстар бердім. Сондай-ақ, мен жобаның бастапқы қатысушыларына белгісіз немесе қол жетімсіз болған қосымша материалдарды (оның ішінде Исхақ Ходжаның Кабул қолжазбасын) атап өттім. Осы тәжірибе алмасу нәтижесінде, жұмыстың қазіргі форматы белгіленді. Біз жұмысты шамамен хронологиялық негізде екі томға бөлуге келістік. Бірінші томда Исхақ Ходжаның шығармасынан алынған нарратив/әңгіме мен XVII-XX ғасырлардағы суфи трактаттар ұсынылады. Екінші томда XIX-XX ғасырлардағы отбасылық «насаб-намалар» қамтылады. Бұл хронологиялық бөлу XIV ғасырдағы мәтінді соңғы «насаб-намаларға» арналған қарапайым кіріспе ретінде емес, маңызды мұраға ие тарихи негізделген нарратив ретінде көрсетуге қызмет етті. Сондай-ақ, ол ертеректегі тарихи мәтіннің жай ғана қосымшалары немесе «бұзылған нұсқалары» ретінде жасалмайды. Керісінше, генеалогиялық мәтіндердің XIX және ерте XX ғасырлардағы жасап жатқан көріністер ретінде айтарлықтай құндылығын атап көрсетті.

5 Сафи ад-дин Орын Қойлақи, Насаб-нама, ред. Әшірбек Құрбанұлы Муминов және Зікірия Заманханұлы Жандарбеков (Түркістан: «Мұра», 1992).

6 Devin DeWeese, "The Politics of Sacred Lineages in 19th-Century Central Asia: Descent Groups Linked to Khwaja Ahmad Yasavi in Shrine Documents and Genealogical Charters", *International Journal of Middle East Studies*, 31/4 (1999), бб. 507–530.

2005 жылдың наурызында Сиэтл қаласында Вашингтон университетінде проф. Муминоспен кездестім және біз Исхақ Ходжаның шығармасына арналған бірінші томды аяқтау үшін бірлескен жобаға қаржыландыру іздеуге келістік. Кездесуімізден көп ұзамай Индиана университетіндегі жаңа грант бағдарламасының мерзімі аяқталып жатқандықтан, мен ұсыныс дайындадым және ол проект қаржыландыруды жеңіп алды. Грант арқылы проф. Муминов 2006 жылдың жазында Блумингтонда шамамен екі айдай болды. Бұл біздің алдыңғы тәуелсіз жұмысымызбен бірге, бірінші томды аяқтауға жақындатты. Қазіргі, екінші том бастапқы әріптестердің күш-жігері арқылы қайта құрылды және оның басылымы қазір Индиана университетінің гранты арқылы ішінара қолдау тапты.

Томдар ретсіз шығарылады: алдымен екінші том, содан кейін бірінші том шығады.

\*\*\*

Бұл томның негізгі тақырыбы – XIX және XX ғасырлардағы генеалогиялық мәтіндер. Олар XIV ғасырдағы Исхақ Ходжаның еңбегінде алғаш жазылған әңгіме мен генеалогиялық құрылымға негізделген. Бұл мәтіндер исламның таралуы және оны насихаттаған жауынгер-әулиелер туралы әңгіме мен олардың әлеуметтік және діни маңыздылығын көрсетеді. Олар, сондай-ақ, «ходжа/қожа» деп аталатын қасиетті отбасылар немесе қасиетті ұрпақ топтары феноменімен байланысты. Бұл топтар ерекше әлеуметтік және діни мәртебеге ие болды. Ол Орталық Азиядағы патшалық дәуірінде ғалымдар тарапынан дұрыс қабылданбаған және XX ғасырдың көп бөлігінде кеңестік атеистік саясат нәтижесінде еленбеген немесе басылған. Енді, бірнеше жылдық елеусіздіктен кейін бұл ерекше мәртебені қайтадан зерттеп, тануға мүмкіндік бар. Бұл ходжа қауымдастықтары туралы ақпарат пен зерттеу екі негізгі топ үшін маңызды болуы мүмкін: біріншісі, Орталық Азияның өткендегі және қазіргі діни тарихы мен қазіргісіндегі олардың әлеуметтік және діни рөлдерін түсінгісі келетін ғалымдар. Ал екіншісі, ходжа қауымдастықтарының өздері.

Бұл екі топтың ходжа қауымдастықтары мен ғалымдардың мақсаттары мен мүдделері ішінара сәйкес келуі мүмкін, бірақ олар ешқашан толық сәйкес келмейді және бұл табиғи заңдылық болып табылады. Ходжа қауымдастықтары өздерін тек туыстық байланыстармен ғана емес, сонымен қатар, олар өмір сүретін кеңірек қоғамның қасиетті бастауларымен тамырлас қасиетті туыстықпен байланысты биологиялық туыс қауымдастықтар ретінде түсінеді. Ал ғалымдар ходжа қауымдастықтарын барлық әлеуметтік топтар сияқты, яғни мәдени және идеологиялық факторлармен (олардың бірі туыстық байланыстар болуы мүмкін) біріктірілген әлеуметтік құрылымдар ретінде түсінуі керек. Мысалы, «насаб-намаар» (генеалогиялық мәтіндер) ходжа қауымдастықтары үшін олардың мұрасы, шығу тегі мен тарихының қасиетті жазбасы ретінде қарастырылады. Ал ғалымдар үшін бұл мәтіндер көптеген ғасырлар бойы жасалған. Әрқашан жаңа жағдайларға бейімделуге ашық топтық сәйкестілік құжаттарын білдіреді. Олар тарихи тексеруге жатпайды және кейбіреулер оларды, тіпті, ойдан шығарылған деп санайды. Алайда, олардың «мифтік» сипатын діни зерттеулерде түсінгендей тану, ғалымдар мен ходжа қауымдастықтарының көзқарастарын жақындатуға көмектеседі, дегенмен бұл тану алдымен ғылыми жағына негізделеді.

Осы жағдайды ескере отырып бұл екі топтың мүдделерінің ішінара сәйкес келуімен қатар, көзқарастары мен тәсілдерінің айтарлықтай айырмашылықтары болуы мүмкін екенін ескере отырып және менің пікірлерім тек диалогтың ғылыми жағын ғана дұрыс көрсете алатынын толық түсіндіреді. Бұл мәтіндерді және

олардың көрсететін әлеуметтік құбылыстарын одан әрі зерттеу үшін маңызды болуы керек деп санайтын кейбір мәселелерді қарастыру пайдалы болуы мүмкін.

(I) Біріншіден, «насаб-намалардың» мәтіндік тарихына қатысты Орталық Азиядағы қазіргі отбасылардың Мухаммад б. ал-Ханафийадан тарағанын дәлелдейтін жақында жазылған немесе анықталған «насаб-намалардың» барлығы дерлік Исхақ Ходжа еңбегінде алғаш жазылған дәстүрлермен айқын байланысты генеалогиялық және әңгімелік материалдар аясында жасалғаны сөзсіз маңызды. Яғни, XIX және XX ғасырлардағы «насаб-намалардың» генеалогиялық мәліметтері немесе фокусы Исхақ Ходжаның нұсқасындағы мәліметтер мен фокустардан айтарлықтай өзгеше болғанымен, олар әлі де көптеген элементтерді қамтиды және оларды сол ертеректегі нұсқамен байланыстырады. Бұл олардың барлығы бір негізгі дәстүрдің нұсқалары және бейімделулері деп қарастыруға болатынын көрсетеді.

Бұл байланыстардың XIV ғасырдан бастап және XX ғасырға дейін жазбаша немесе ауызша дереккөз материалын тәуелсіз қолдануын көрсететіндігі мүмкін. Бұл материал әр түрлі мақсаттарға бейімделген. XIX және XX ғасырлардағы кейінгі «насаб-намалар» айтарлықтай қосымша материалдарды кейбіреулері генеалогиялық, кейбіреулері нарративтік – әр түрлі дереккөздерден, соның ішінде ауызша дәстүрден, Исхақ Ходжаның еңбегінен белгілі «негізгі» құрылымнан тыс қосқанын айқын көрсетеді. Алайда, осы негізгі құрылымға қатысты, біз XIV пен XIX ғасырлар аралығында Исхақ Ходжаның еңбегінің көшірмелерінен және бірінші томда талқыланған әңгіме, пікірлерден басқа осындай материалдардың ешқандай ізін таппағанымызды мойындауымыз керек. Сондықтан, кейінгі генеалогиялар тек қана ауызша дәстүрді көрсетеді деген мүмкіндік жоқ емес, бірақ мәтіндік нұсқалардың (және кейбір ауызша нұсқалардың) Исхақ Ходжаның еңбегіндегі барлық мәтінмен ұқсастығы болмаса да көптеген нұсқалардың Исхақ Ходжаның еңбегінен белгілі мәтіндегі нарратив және генеалогиялық құрылымның негізінде тікелей немесе жанама түрде жасалғанын көрсетеді. Қысқасы, Исхақ Ходжаның еңбегі немесе оның ішіндегі нарратив мен генеалогиялық материал кейінгі уақытта жазылған көптеген бейімделулер үшін, әр түрлі мәтіндік «отбасылар» «насаб-намаларында», тікелей немесе жанама дереккөзі болғаны ықтимал.

Бұл қорытынды XIX және XX ғасырлардағы «насаб-намаларда» «бастапқы» мәтіндердің жазылған күндері ретінде берілген күндер (XIX-XX ғасырлардағы қолжазбалармен үзілмейтін тізбекте байланыстырылған деп болжанатын) олар көрсететін генеалогиялық немесе әңгімелік дәстүрлердің ең ерте «жазбаша бекітілуінің» шынайы көрсеткіштері ретінде қабылдана алмайтынын білдіреді. Бұл, сондай-ақ, «насаб-намалардан» Исхақ Ходжаның еңбегіндегі нарратив нұсқасына айтарлықтай өзгертулер немесе түзетулер іздеу көп жағдайда нәтиже бермейді дегенді білдіреді. Исхақ Ходжа өз нарративін құрастыру үшін бұрыннан айналымда болған жазбаша генеалогиялық және нарративтік материалдарды пайдаланған болуы мүмкін болса да, біз бар «насаб-намалардың» бірін бұрыннан айналымда болған жазбаша материалдардың толық немесе ішінара сенімді жазбасы деп санауға болмайды.

Бұны кеңірек айтқанда, әртүрлі жеке дәстүрлер мен мәтін «отбасыларының» ажыратылу процесін көрсететінін білдіреді. Исхақ Ходжаның еңбегінде басты кейіпкер Исхақ Баб болып табылады (оның тегі ең егжей-тегжейлі сипатталмағанымен, бұл әлі де ерте ажыратылу процесін көрсетеді). Мұнда ұсынылған мәтіндерде басқа тұлғаларды ерекше атап көрсететін нұсқалар бар және кейбір жағдайларда Исхақ Бабты саналы түрде төмендетіп көрсететін сияқты.

Басқа мәтіндерде, үш ислам таратушы қаһарманның бірінен, әсіресе Исхақ Бабтың ағасы 'Абд ар-Рахимнен тараған шежірені ерекше атап көрсетеді. Бұл шежіре Исхақ Ходжаның еңбегіндегі нұсқада Қарахан әулетінің тарихи құрылымымен қиылысып, қабаттасып келетін болып көрінеді және кесенесі Таразда жақсы танымал болған Қарахан және Аулия Ата тұлғасымен байланысты. Бұл шежіренің кейінгі ұрпақтарын көрсететін генеалогиялық материал, ауызша немесе жазбаша дәстүрлер негізінде қосылған. Өкінішке қарай, оларды анық немесе сенімді түрде анықтау мүмкін емес. Бұл бастапқыда Исхақ Ходжаның еңбегінде көрініс тапқан әңгімелік және генеалогиялық материалдың өзегіне қосылған.

Сонымен қатар, көптеген мәтіндерде Ходжа Ахмад Йасауи тұлғасы төңірегіндегі генеалогиялық және нарративтік әңгімелер қамтылған. Ол Исхақ Ходжаның еңбегінде жазылған дәстүрде маңызды рөл атқарады. Бірақ кейінгі «насаб-намаларда» оның өзі мен отбасы туралы қосымша дереккөздер бар. Бұл дереккөздер нарратив пен генеалогиялық өзекке сырттан қосылған деректерді де көрсететін сияқты. Ахмад Йасауи туралы материалдар оның сопылық қызметі туралы әңгімелер немесе үзінділер және оның отбасының әртүрлі мүшелері туралы генеалогиялық деректерді қамтиды (Йасауиге қатысты мол аңыздар «Қара-Асман дәстүрі» ретінде ұсынылған мәтіндерде айқын көрінеді, ал түрлі комбинациялар «Уруң-қуылақ» және «Арқуқ» мәтіндерінде кездеседі). Йасауиге қатысты материалдар өз ішінде XVIII ғасырда алғаш рет жазбаша тіркелген «Тухфат ал-ансаб-и 'алави» шығармасындағы «өзекке» және әр түрлі «насаб-намаларда» (және ауызша дәстүрлердің әртүрлі жазбаларында) өзгеше қосымша деректер мен сәйкестендірулерге бөлінеді. Сонымен қатар, «өзек» және қосымша аңыздардың бөліктері осы жерде ұсынылған мәтіндермен байланысты емес ауызша және жазбаша дәстүрлерде де кездеседі.

«Насаб-намалар» сияқты мәтіндерді ауызша дәстүрден алынған материалдармен салыстыру ерекше қиындықтар тудырады. Ертөректегі ғалымдар немесе шенеуніктер құрастырған жұмыстардағы ақпараттың фрагменттік сипатын мойындау өте маңызды. Бұл адамдар олар алған ақпаратты дұрыс бағаламаған немесе маңызды және кездейсоқ мәліметтерді ажырата алмаған болуы мүмкін. Бұл мәселе, әсіресе, жоғарыда атаған Йасауиге қатысты аңыздарға қатысты, бірақ оны кеңірек қолданылады. Мысалы, жақында жарияланған және осы томға енгізілген Ферғана алқабындағы құжаттық материалда Исхақ Бабпен байланысты генеалогиялық аңыздардың қызықты нұсқалары бар. Бұған оның Мухаммад б. ал-Ханафийадан тараған тегі және Ахмад Йасауи мен оның ағасы Садр Шайхтың ата-бабалары кіреді. Мәтінде, сонымен қатар, Мухаммад б. ал-Ханафийадан тараған Садр Шайхтың ұрпағы ретінде көрсетілген белгілі бір Йумалақ Шайх туралы айтылады.<sup>7</sup> Сонымен қатар, XIX ғасырдың аяғында Ферғананың шығысындағы Джалалабад маңындағы Аййуб пайғамбардың кесенесіне қатысты дәстүрлерде оның ұрпақтарын және кесенені қолдаған отбасылық вақфты қолдаған «Йумалах-ходжа-шайх» туралы айтылады. Құжаттағы «Йумалақ» атауына ұқсас бұл «Йумала» Аййубтың ұрпағы ретінде қарастырылған. Мухаммад б. ал-Ханафийа

7 Ashirbek Muminov және Maria Szuppe, "Un document genealogique (nasab-nāma) d'une famille de Ḥwāja Yasawī dans le khanat de Kokand (XIXe s.)", *Eurasian Studies* (The Skilliter Centre, Cambridge/Istituto per l'Oriente C. A. Nallino, Rome), 1/1 (2002), 66. 1–35.

немесе Ахмад Йасауи мен оның ағасы туралы ешқандай ескерту жоқ.<sup>8</sup> Мәтіндік нұсқа Йумалақ Шайхқа қатысты генеалогиялық аңыздардың әртүрлі нұсқасын немесе дамуының кейінгі кезеңін көрсетеді ме? Немесе патшалық дәуірінің рапорт авторының Аййубты танитығын және Ахмад Йасауи немесе Мухаммад б. ал-Ханафийа туралы білімінің жоқтығын көрсете ме? Екі болжам да мүмкін болып көрінеді. Екі хикая қарама-қайшы болып көрінеді, бірақ іс жүзінде олар бір-біріне қайшы келмеуі мүмкін. Олар әулиелер мен кесенелер туралы генеалогиялық аңыздардың дамуының әртүрлі кезеңдерін, жергілікті генеалогиялық аңыздарды саяси немесе экономикалық мақсатта қайта бейімдеу және сәйкестендірудің әртүрлі фазаларын немесе дәстүрлерді әр уақытта жинап түсіндірген адамдардың әртүрлі білім негіздерін көрсетуі мүмкін. Осы мәтіндерді түсіндіру және оларды ауызша дәстүрде таралған материалдармен салыстыру кезінде осы мүмкіндіктердің барлығы (және басқалары) ескерілуі керек.

(II) Екіншіден, бұл мәтіндермен жұмыс істегенде, Исхақ Ходжаның нұсқасының алғашқы екенін мойындау маңызды. Сонымен қатар, қолжазба дәстүрінің өзгеріп тұратынын да атап өту керек. Бұл қазіргі кездегі мәтіндердің қалыптасуында нарративтік және генеалогиялық таралымның ауызша және жазбаша компоненттерінің ықтимал өзара әрекеттестігін қамтиды. Исхақ Ходжаның нұсқасынан белгілі материалды жаңа деректермен толықтыру және кейде оны алып тастау арқылы оның ағасы немесе інісін және олардың ұрпақтарын басты назарға қоюға тырысу осы өзгерулерді айқын көрсетеді. Бұған қоса, бұл мәтіндер жай ғана «көшірілген» болып саналмады және әрқашан өзгертуге және бейімделуге ұшырағанын есте ұстаған жөн. Жаңа күш-жігер арқылы ұлғаюы мүмкін болған мәтіндер жинағы өткен мәтіндік корпусның үзінді жазбасын ғана білдірмейді. Керісінше, ол әртүрлі мәтіндік дәстүрлердің дамуының, өзгеруінің және реттелуінің әртүрлі кезеңдерінің жазбасын (үзінді болса да) білдіреді.

Бастапқыда, бұл топтар арасында сақталған жазба шежіре саласына арнайы бағытталған ғылыми зерттеулер өте аз болғанымен, қазақтар арасында XVIII ғасырдан бастау алатын қожа/ходжа құбылысына біршама көбірек көңіл бөлінді.<sup>9</sup>

8 Бродовский М. «Две мусульманские легенды (Из записной книги)» // Туркестанский литературный сборник в пользу прокаженных (СПб.: Типография А. Бенке, 1900), бб. 187-190.

9 Қожалар туралы деректер қазақтар арасында алғаш рет П. И. Рычковтың «Топография Оренбургская» (Санкт-Петербург, 1762) және П. С. Палластың «Путешествие по разным провинциям Российской империи», часть 1 (Санкт-Петербург, 1773), б. 579 (онда Паллас оларды «honored persons of ancient lineage» [көне тектілердің құрметті тұғаалары] деп атайды) еңбектерінде кездеседі. Сондай-ақ, сол кезеңдегі И. Г. Георгидің «Описание всех в Российском государстве обитающих народов», часть 2 (СПб., 1776), б. 121 еңбегін және кейінірек жарияланған Baron Georges de Meyendorff, *Voyage d'Orenbourg à Boukhara fait en 1820, à travers les steppes qui s'étendent à l'est de la Mer d'Aral et au-delà de l'ancien Jaxartes* (Paris: Librairie Orientale de Dondey-Dupré Pére et Fils, 1826), бб. 29-30 талқылауын қар. 1824 жылы Ресей билігі кезінде тізімделген қазақтардың әдет-ғұрып заңына сәйкес қожаны өлтіргені үшін айыпшұл қарапайым жеті адамды өлтіргені үшін айыппұлмен тең болды. Бұл туралы Valentin A. Riasanovsky, *Customary Law of the Nomadic Tribes of Siberia* (Tientsin, 1938; repr. Bloomington: Indiana University Uralic and Altaic Series, vol. 48, 1965), б. 16 еңбегінде жазылған; сондай-ақ, бұл мәлімет Левшиннің «Описание киргиз-казахских», часть III-де де кездеседі. Аталған дерек «Степной закон: Обычное право казахов, киргизов и туркмен» (ред. А. А. Никишенков және Ю. И. Семёнов, Мәскеу: Старый сад, 2000), б. 24 жинағында да келтірілген. 1852 жылғы құжатта қазақ Кіші жүзінің 16 руынан басқа «қожа тайпасынан/руынан (род) бірнеше ондаған мың қазақтар» болғаны, олардың «руханиер

Қожаларды алғашқы төрт халифаның бірі немесе мұсылман әулиелері болған Пайғамбардан тарайтын ерекше элиталық тап ретінде тану XIX ғасырдың екінші жартысында күшейе түсті.<sup>10</sup> Бұл кезеңде мұнда ұсынылған мәтіндерде көрініс тапқан дәстүрлер мен топтарға алғашқы сітемелер де болды.<sup>11</sup> Кеңес өкіметі кезінде қазақтар арасындағы қожалар туралы ғылыми зерттеулер оларға ең алдымен тарихи этнография тұрғысынан қарау бір кездері көрнекті болған.<sup>12</sup> Бірақ оларды әлеуметтік топ ретінде белсенді емес қауымдар ретінде қарастырған. Жекелеген қожа қауымдарының дәстүрлеріне іс жүзінде мән берілмеді. Ғалымдар қожа құбылысынан хабардар болғанымен, оны тек түсініксіз түрде сипаттады, ал қазақтар арасындағы қожа топтарының толық ауқымы жеткіліксіз құжатталған. Бұл том авторлары Сырдария алабындағы қожаларды байыпты және мазмұнды зерттеуге алғашқылардың бірі болып кірісті. Бұрынғы деректерде қазақтар арасындағы қожа топтары туралы жазылған деректерді іздестіру және түсіндіру маңызды. Кейбір жағдайларда, бұл ертеректегі хикаялар «насаб-намалардың» өздерін жасаған бір кезеңге басқаша көзқарас береді. Бұған қоса, қожа топтары мен олардың «насаб-намалары» туралы осы томға үлес қосқандардан тыс басқалардың соңғы зерттеулерін де атап өткен жөн.<sup>13</sup> Бұл зерттеу мұнда ұсынылғандай жүйелі болмауы

---

тобына» (духовный сан) тиесілі болғандықтан, барлық басқа қазақ руларының/тайпаларының үстінде тұрғаны жазылған. Бұл дерек Жанұзақ Қасымбаевтың еңбегінде айтылған: «Государственные деятели Казахских ханств XVIII – первой половины XIX вв., т. 4: Жангир хан (1801–1845 гг.): Личность во взаимодействии с номадным обществом и сопредельными регионами» (Алматы: Наш Мир, 2001), б. 12.

- 10 Н. И. Гродековтың «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области, т. 1, Юридический быт» (Ташкент, 1889), бб. 5, 7 және Г. А. Арандаренконың «Досуги в Туркестане, 1874–1889» (Санкт-Петербург: Типография М. М. Стасюлевича, 1889), бб. 144–145 қожалар туралы қысқаша мәліметтерді қар. Сондай-ақ, Allen J. Frank, *Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910* (Leiden: Brill, 2001), бб. 278–281 еңбегіндегі қожалар туралы талқылауды қар.
- 11 А. К. Гейнстың «Дневник 1866 года. Путешествие в Туркестан» атты еңбегі «Собрание литературных трудов Александра Константиновича Гейнса», том 2 (Санкт-Петербург: Типография М. М. Стасюлевича, 1898), бб. 1–429 [бб. 57, 279] жарық көрген; сондай-ақ, Гейнстың «Управление Ташкентом при коканском владычестве» атты еңбегі сол жинақтың 2-томында, бб. 430–536 (б. 494) жарияланған. Онда ол «Мугамет-Ханафие-Аулие» ұрпақтарын «Ханафие-Караганс» немесе «Караган-ходжа-Ханафие» деп атаған, бұл атаулар «Қарахан» есімі мен Мухаммад б. ал-Ханафийадан тараған шығу тегін айқын көрсетеді.
- 12 Қазақтар арасындағы қожалар туралы қысқаша мәліметтерді В. В. Востров және М. С. Муканов «Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.)» (Алма-Ата: Наука, 1968) еңбегінде, ал С. З. Зиманов «Общественный строй казахов первой половины XIX века» (Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958), бб. 221–223 және М. Бижанов «Социальные категории казахского общества XVIII века в трудах русских ученых» // Казахстан в XV–XVIII веках (Вопросы социально-политической истории) (Алма-Ата: Наука, 1969), бб. 160–170 еңбектерінде қарастырылған. Сондай-ақ, бұл тақырыпқа қатысты кейбір дінге қарсы еңбектерде де талқылаулар бар: Ш. Б. Амантурлин. «Предрассудки и суеверия, их преодоление (на материалах изучения сельского населения Казахстана)» (Алма-Ата: Казахстан, 1985), б. 120 және К. Шүлембаев. «Образ жизни, религия, атеизм (Общее и особенное в образе жизни и религиозных верованиях казахов и вопросы атеистического воспитания)» (Алма-Ата: Казахстан, 1983), бб. 260–261.
- 13 Мысалы, келесі еңбектерді қар.: Р. М. Мустафина. Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в южном Казахстане в конце XIX–XX вв.) (Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992); М. Мирхалдаров, Хұжа Ахмад Яссавий, Шажараи саодат (Шымкент, 1992); сондай-ақ, көптеген түсінбеушіліктермен сипатталған, факсимиледе жарияланған

мүмкін, бірақ оны қарастыру және әртүрлі нәтижелерді біріктіру немесе есепке алу маңызды.

Қожалардың бүкіл Орталық Азияда кездесетінін ерекше атап өткен жөн. Кейбір жағдайларда Сырдария алқабынан белгілі сол топтардың оңтүстікте де тұратыны хабарланады. Бұл топтардың тарихи шығу тегі мен дамуы төңірегіндегі күрделі мәселелерді дұрыс түсіну үшін бізге Орталық Азияның жаңа ұлттық шекарасынан шығып, тарихи тілмен айтқанда кеңестік кезеңде қалыптасқан<sup>14</sup> ұлттық белгілер мен белгілерді шетке ысыратын көзқарас қажет. Түрікмендер арасындағы алты «қасиетті тайпа» (олардың бірі «ходжа» деп аталады) мәселесі ерекше маңызға

---

шежірелік фрагмент – Мұхамедрахым Жармұхамедұлы, «Насаб-нама»/«Родословная Ходжи Ахмета Ясави» (Алматы: Дәур, 1995). Бұл нұсқа кейінірек қазақ транскрипциясында қайта жарияланған: «Қожа Ахмет Ясауи, Хикмет жинақ» (Алматы: Жалын, 1998), бб. 617–618. Сондай-ақ, ол Кемал Ерасланның *Mevlânâ Safiyyü'd-Dîn, Neseb-nâme Tercümesi* (Стамбул: Yesevî Yaıncılık, 1996) еңбегінде де кездеседі. XIX ғасырдағы қосымша «насаб-намалар» (кейбірі Исхақ Бабпен байланысты) Ташкент пен Оңтүстік Қазақстан өңірлеріндегі зерттеулер негізінде талқыланған: Ali Abbas Çınar, “Orta Asya Türk Kültüründe İshanlık Geleneği,” in: *Bilgi*, 1 (Көктем, 1996), бб. 55–59 (бірақ тақырыпқа байланысты заманауи әдебиеттер ескерілмеген). Соған қарамастан, «Исхақ Баб» жайындағы материалдар С. Құрбанқожаевтың «Қожа Ахмет Ясауи туралы аңыз-әңгілемелер» // Қожа Ахмет Ясауи тағылымы (Түркістан: «Мұра» баспаханасы/Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 1996), бб. 132–141 еңбегінде кеңінен қамтылған. Сондай-ақ, Зылиха Өмірбекқызы Ибадуллаеваның «Қазақ халқының құрамындағы қожалар (тарихи-этнографиялық зерттеу)» атты тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты (Алматы, 2001) және И. В. Ерофееваның «Родословные казахских ханов и кожа XVIII–XIX вв. (История, историография, источники)» (Алматы: ТОО «Print-S», 2003) сияқты соңғы зерттеулерді де қар. Қазақтар арасындағы қожаларға қатысты бай мәліметтер Bruce Privratsky-дің «Muslim Turkistan» атты еңбегінде берілген. Сонымен қатар, қар.: Bruce G. Privratsky, “Turkistan Belongs to the Qojas’: Local Knowledge of a Muslim Tradition,” in: *Devout Societies vs. Impious States? Transmitting Islamic Learning in Russia, Central Asia and China, through the Twentieth Century: Proceedings of an International Colloquium held in the Carré des Sciences, French Ministry of Research, Paris, November 12–13, 2001*, ред. Stéphane A. Dudoignon (Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 2004; *Islamkundliche Untersuchungen, Band 258*), бб. 161–212. Қорасан қожаларының бір «насаб-намасы» ретінде қарастырылатын еңбек: «Қорасан қожаларының шежіресі: Әбді Жәлел Баб ұрпақтарының шежіресі» (Түркістан: Мұра, 1994). Сонымен қатар, қар.: Тынысбек Қоңыратбаев, «Ертедегі ескерткіштер: Сыр бойының ежелгі тарихы мен мәдениеті (Зерттеу)» (Алматы: Өнер, 1996), бб. 115–117. Сунақтарға қатысты, олардың жіктелуі әртүрлі болғандықтан, Қоңыратбаевтың «Ертедегі ескерткіштер», бб. 100–105 және Ж. Е. Ержановтың «Сунақтар және Сунақ қаласы» (Алматы: Ғылым, 1996) атты еңбегін де қар.

- 14 Аталған топтар туралы зерттеулердің көбі шын мәнінде кеңес дәуірінде жасалған. Орталық Азиядағы қожа топтарына арналған этнографиялық шолулар, әсіресе қазақтар, өзбектер, қарақалпақтар, түрікмендер мен тәжіктер арасындағы топтарға ерекше назар аударған. Бұл жөнінде Р. Я. Рассудованың «Термин ходжа в топонимике Средней Азии» // *Ономастика Средней Азии* (Мәскеу: Наука, 1978), бб. 115–128 еңбегін қар.; сондай-ақ, сол автордың «Семейные группы: Одна из форм организации труда в орошаемых районах Средней Азии (XIX – первая половина XX в.)» атты мақаласын да қар. (Страны и народы Востока, 25 [1987], бб. 68–88). Өзбектер мен тәжіктер арасындағы қожа топтары туралы Б. Х. Кармышеваның «Очерки этнографической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана (По этнографическим данным)» (Мәскеу: Наука, ГРВА, 1976), бб. 64, 69, 131 және әсіресе бб. 148–153 мақаласында жазылған.

ие.<sup>15</sup> Бұл құбылыс көрнектілігімен де, кеңестік дәуірдегі этнограф ғалымдардың қаншалықты зерттегендігімен де ерекше. Түркімен мысалдары мұндай «қасиетті отбасылардың» шығуына қатысты қызықты мүмкіндіктерді ұсынады. Ал Орталық Азияда кеңірек жайылған қожалар құбылысы осы топтар мен сопылық қауымдардың құрылымдары мен дәстүрлері арасындағы нақты байланыстарды көрсетеді.

Қожа феноменін түсіну үшін пайдалы ұқсастықтар ұсынатын Орталық Азия ғана емес. «Ислам энциклопедиясында» айтылған жағыз «қожалар» болып табылатын Оңтүстік Азиядағы исмаилийлық «қожалардың» шығу тегі, атағы, оның қолданылуы және белгілеген топтары туралы біздің шектеулі білімімізді көрсетеді. Исмаилий қожаларының шығу тегі аз зерттелген және олар Орталық Азиядағы қожа топтары үшін қолданылған дереккөздер мен болжамдарды пайдалана отырып зерттелген. Орта Азиядағы әріптестері сияқты Исмаил Ата'и қожаларының да өздерінің отбасылық шығу тегі туралы ауызша және жазбаша генеалогиялық және аңыздық дәстүрлері бар. Олардың тарихы отаршылық дәуірден бері «бөтен» деген болжамды шығу тегі, ХІХ-ХХ ғасырларда әкімшілік маңызы бар ұғым және олардың исламды қабылдау үдерісімен байланысы тұрғысынан талқыланды.<sup>16</sup>

Алыс аймақтарда, «қожа» деген ортақ атауы болмаса да, әсіресе Солтүстік Африкада мұсылман әлеміндегі қасиетті ұрпақтардың әлеуметтік рөлдері туралы көптеген антропологиялық зерттеулер Орталық Азиядағы қожалар арасындағы шынайы жергілікті ерекшеліктерді және исламдық қоғамдардағы қасиеттілікті генеалогиялық тұрғыдан үйреншікті ету үрдістерін жақсырақ түсінуге көмектеседі.<sup>17</sup> Бұл және басқа да мысалдар бізге қазақтар арасындағы, көшпенділер

